

Қазақстан Республикасы қаржы-экономика техникумдарының бағыныстылығы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 19 мамыр N 399. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметін қайта құру туралы" 1992 жылғы 12 қарашадағы N 963 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қаржы, салық ісі, бухгалтерлік есеп, кеден қызметі және басқа нарық экономикасының мамандықтары саласында кадр даярлау жөніндегі бірінші кезектегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Ақмола және Семей қаржы-экономика техникумдары Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің қарамағының алынып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тікелей бағыныстылығына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақмола және Семей қаржы-экономика техникумдарын ұстауға қажетті қаражат бөлетін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республиканың арнаулы орта оқу орындарының бағыныстылығы туралы" 1992 жылғы 8 мамырдағы N 417 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ, 1992 ж., N 19, 310 бап) бекітілген, бұрын одақтық бағыныста болған және Қазақстан Республикасының министрліктеріне берілген арнаулы орта оқу орындарының тізбесінен Семей және Целиноград қаржы-экономика техникумдары шығарылсын.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасарының 1992 жылғы 18 мамырдағы N 7-7 өкімінің 1-тармағының үшінші абзацы мен 2-тармағы екінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі